

«Балдәурен» бөбекжай-балабақша МКҚК бойынша  
Кезектен тыс педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Шұбаркұдық ауданы

10.05.2023 ж

Қатысқандар: меңгеруші, 4 тәрбиеші, психолог.

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылы 9 қараша айында бекітілген 2023 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізу.

Меңгеруші: Кадирова З.Б.

2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын құру.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Кадирова З.Б. сөз алды.

2022 жылғы 9 қараша Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2023 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген тізбесі негізінде балабақша 2023 жылдың маусым айына мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Мемлекеттік аттестаттау ҚР «Білім туралы» Заңы аясында мемлекеттік аттестаттау – білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүргізіледі. Осы заңнамаға сәйкес барлық құжаттарды ұсынуымыз керек деп айтып өтті. Сонымен бірге бір ай бұрын өзін-өзі бағалау материалдары балабақша сайтына уақытылы жариялануы керек.

Өзін-өзі бақылау жүргізу мақсатында комиссия құруды ұсынды. Сонымен бірге Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметкерлерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне соңғы 3 жыл яғни 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына өзін-өзі бақылау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті мекемеге, оның аумақты бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде ата-аналар мен педагогтар Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан сауалнама жүргізілетіні айтылды.

«Балдәурен» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда ұсынылды:

Комиссия төрайымы:

Кадирова З.Б. - меңгеруші

Мүшелері:

Жумагалиева Ш.Ж. – педагог-психолог

Кузембаева Г.Б.– тәрбиеші

Турсынбекова Н. Х.– тәрбиеші

Кулмаганбетова З. Б. – тәрбиеші

Хатшы: Сутбаева А.Т.-тәрбиеші

Шешім мен ұсыныс:

1.«Балдәурен» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін 2020-2021,2021-2022, 2022-2023 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2. «Балдәурен» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы бекітілсін.

Төрайымы

Хатшы



Кадирова З.Б.

Сутбаева А.Т.